

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Шілікті ауылдық округіндегі Шілікті ауылында және Көкбастау учаскесіндегі шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округ әкімінің 2017 жылғы 16 қаңтардағы № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 11 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 18 қазанда № 5-11-169 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 270 ұсынысы негізінде Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округіндегі Шілікті ауылында және Көкбастау учаскесінде шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 қаңтардағы № 2 " Шілікті ауылдық округіндегі Шілікті ауылында және Көкбастау учаскесіндегі шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2017 жылғы 17 ақпанда № 4885 болып тіркелген және 2017 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шілікті ауылдық округ әкімі

К. Сагиев